## Иран Ислам Республикасымен еркін сауда аймағын құру мақсатындағы уақытша келісім жасасу жөніндегі келіссөздерді бастау туралы

Жоғары Еуразиялық экономикалық Кеңестің 2016 жылғы 26 желтоқсандағы № 15 шешімі.

2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шарттың 7-бабы негізінде Жоғары Еуразиялық экономикалық кеңес шешті:

1. Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттер Еуразиялық экономикалық комиссиямен бірлесіп Иран Ислам Республикасымен еркін сауда аймағын құру мақсатындағы уақытша келісім жасасу жөніндегі келіссөздерді бастасын.

2. Еуразиялық экономикалық комиссия Кеңесі Еуразиялық экономикалық комиссия Кеңесінің 2016 жылғы 16 мамырдағы № 10 (ҚБП) өкіміне сәйкес өткізілген консультациялар нәтижелерін ескере отырып, осы Шешімнің 1-тармағында көрсетілген келіссөздерге арналған директиваларды бекітсін.

3. Осы Шешім ресми жарияланған күнінен бастап күшіне енеді.

**Жоғары Еуразиялық экономикалық кеңес мүшелері:**

| | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| *Армения сынан* | *Респулика* | *Беларусь асынан* | *Республик* | *Қазақстан касынан* | *Республи* | *Қырғыз сынан* | *Республика* | *Ресей нан* | *Федерациясы* |

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК